

Ұлттық Жоғары Мемлекеттік Басқару Мектебі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 11 қаңтар N 35. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998.11.11. N 1156 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Ұлттық Жоғары Мемлекеттік Басқару Мектебін құру туралы" 1994 жылғы 29 тамыздағы N 1845 K941845_ қаулысын орындау үшін және жоғары әкімшілік кадрларын даярлау үшін қажетті жағдай туғызу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

<*> <*> <*>

Мектептің өтінімдері негізінде шақырылған шетелдік оқытушыларға Алматы қаласында пәтер жалдау жөніндегі шығындарды өтеу үшін жыл сайын республикалық бюджет қаражаты есебінен қажетті қаражат бөлінуін көздесін.

Ескерту. 1-тармақтың 2-ші абзацынан сөздер алынып тасталды -

ҚР Үкіметінің 1996.01.09. N 31 қаулысымен. P960031_

ЕСКЕРТУ. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.01.11.

N 53 қаулысымен. P960053_

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың 2-абзацы күшін жойды - ҚРҰ-нің 1997.04.02.

N 465 қаулысымен. P970465_

2. Шетел тілдерін білетін және оларды практикалық жұмыста үнемі қолданатын Мектеп қызметкерлерінің жалақы ставкалары мен лауазымдық окладтарына 15 процент мөлшерінде үстеме белгіленсін.

3. Мектеп тыңдаушыларына бұрынғы жұмыс орнында алып келген жалақысы мөлшерінде, бірақ өндірістен қол үзіп оқитын жоғары оқу орындарының аспиранттарына арналып белгіленген стипендия мөлшерінен төмен болмайтындай стипендия тағайындалсын.

4. Қазақстан Республикасының ҰЖМБМ-і директорының лауазымы материалдық-тұрмыстық және медициналық қамтамасыз ету, көлік қызметін көрсету жағдайы жөнінен республика министрінің лауазымына, ал Мектеп директорының орынбасарлары - республика министрлері орынбасарларының лауазымдарына теңестірілсін.

5. Мектеп қызметкерлеріне қызмет көрсету үшін қызмет бабында

пайдаланылатын 1 (бір) автомобиль бөлінсін.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Экономика министрлігі және Қазақстанның Мемлекеттік даму банкісі:

Мектептің материалдық-техникалық бағасын нығайтуға, сондай-ақ халықаралық оқу және ғылыми байланыстарын қаржыландыруға, тыңдаушыларды шетелде тағылымдамадан өткізуге, шетел әдебиетін сатып алу мен шетелдік мерзімді басылымдарға жазылуға жыл сайын қаражат бөлінуін көздесін;

республика халық шаруашылығының жоғары әкімшілік кадрларына деген қажеттілігін ескере отырып, республикалық бюджеттен қайтарымсыз негізде Қазақстанның Мемлекеттік даму банкісі арқылы қаржыландырылатын 1995-2000 жылдары Ұлттық Жоғары Мемлекеттік Басқару Мектебінің үйлері мен ғимараттары кешенін жобалауға және салуға қажетті қаражат бөлінуін көздесін.

7. Алматы қаласының әкімі құрылыстан бос жерлерден ҰЖМБМ үшін әкімшілік-оқу корпусы мен тұрғын үй салуға жер учаскелерінің бөлінуін ресімдесін.

Мектептің дербес материалдық-техникалық базасы болғанға дейін оған Қазақстанның Менеджмент, Экономика және Болжамдау Институтына (ҚМЭБИ) бекітілген әкімшілік, оқу және тұрғын үй-жайларын тең құқықпен пайдалануға құқық берілсін, ол жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге және коммуналдық қызмет көрсетуіне төлем жасауға тиісті үлесімен қатыстырылсын

8. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті, Алматы қаласының әкімі ҰЖМБМ-ның ҚМЭБИ-де уақытша орналасуын ескеріп, жаңа кешен салынып біткенге дейін осы мектепті орналастыру үшін қолайлы үйді немесе үй-жайды іздестіріп, бөлетін болсын.

9. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Емдеу-сауықтыру бірлестігі медициналық қызмет көрсету үшін ҰЖМБМ профессор-оқытушы құрамының тіркелуін қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі